

САҒЫНҒАЛИ СЕЙІМОВ

ӘДЕБИЕТТЕР ДОСТЫҒЫ

МАҚАЛАЛАР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1965

Белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы, филология ғылымының кандидаты Сағынғали Сейітов біраз уақыттан бері еліміздегі туысқан әдебиеттердің өзара творчестволық байланысын зерттеу жұмысымен шұғылданып келеді. Автордың осынау аса маңызды мәселе жөнінде пікір қозғаған мақалалары оқушыларымызға мерзімді баспасөз бетінен мәлім.

С. Сейітовтың бұл кітабында орыс әдебиетінің ұлт әдебиеттері дамуындағы жетекші ролі, қазақ әдебиетінің бауырлас орыс, украин, белорус, өзбек, тәжік, түрікмен, қарақалпақ әдебиеттерімен байланысы кеңінен әңгімеленеді. Автор мол материал, бай деректер мен фактыларға сүйене отырып, ұлт әдебиеттерінің барған сайын ынтымақтаса, жақындаса түсуі, олардың бірін-бірі байытуы заңды құбылыс екенін совет әдебиетінің интернационалдық сипатын айқындау негізінде көрсеткен. Қазақ әдебиетінің халықтық демократия елдері әдебиетімен байланысы жөнінде де айтылған.

СССР халықтары мәдениеттерінің социалистік мазмұнын дамытуға шешуші маңыз бере отырып, партия бұл мәдениеттердің өзара онан сайын молығуына, жақындасуына, олардың интернационалдық негіздерінің нығаяуына, сөйтіп коммунистік қоғамның болашақ бірыңғай жалпы адамзаттық мәдениеттің қалыптасуына жәрдемдесетін болады. Әрбір халықтың прогресшіл дәстүрлерін қостай отырып, оларды барлық совет адамдарының игілігіне айналдыра отырып, партия коммунизм құрылысшыларының жаңа, барлық ұлттарға ортақ революциялық дәстүрлерін барынша дамыта беретін болады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасынан.

ЕҢ ОЗЫҚ, ЕҢ ЫҚПАЛДЫ ӘДЕБИЕТ

Қазақстанның ұланғайыр кең даласы қазір үлкен бір қырманға ұқсайды: алтын астық тұс-тұстан ағыл-тегіл құйылып жатыр. Толас жоқ, тыным жоқ. Биыл біз тіпті көңілдіміз, қуаныштымыз. Республиканың ауыл шаруашылық еңбеккерлері биыл бітік егін өсірді. Үстіміздегі жыл Қазақстанның мол астығының жылы болады деген сенім зор.

Мол астық беретін мерейлі Қазақстанның мәдени өмірінде тағы да бір елеулі оқиға болғалы тұр. Ол — орыс әдебиеті мен өнерінің Қазақстанда өткізілетін онкүндігі.

Біз орыс халқын аға халық, ұлы халық деп қадірлейміз, сүйеміз. Біз оның әдебиетін ұлы халықтың ұлы әдебиеті деп бағалаймыз. Орыс халқының әдебиеті — ең алдыңғы қатарлы, ең шыншыл, ең ықпалды әдебиет. Өткен ғасырдағы классиктік әдебиеті осындай болған. Оның советтік дәуірдегі әдебиеті де — әлемге әйгілі, революцияшыл дәстүрі, жаңашыл қасиеті мол, аса парасатты, озық әдебиет.

Социалистік реализм әдебиетін өркендетуде халықтар туысқандығы мен достығының ролі ерекше. Соның ішінде жетекші орындағы аға халық — орыс халқымен достықтың маңыз-мәні зор.

Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты арқасында туысқан республикалардың әдебиеті мен өнері кемеліне келіп, жетіле түсуде. Бұл табысқа қазақ совет әдебиеті де ортақ. Қазақ әдебиетінің Ұлы Октябрьден бергі дәуірде басталған жаңа тарихы, даму кезеңдері бар десек, ол өзінен бұрынғы ауыз әдебиетінің, Абай негізін қалаған, кейін ағартушы-бұқарашыл жазушылар дамытқан әдебиеттің игі дәстүріне сүйенді десек, мұнан қазақ совет әдебиеті үнемі өз шеңберінде қала берген

екен деген ұғым тумайды. Бауырлас әдебиеттер сияқты, қазақ совет әдебиеті де дербес ұлттық әдебиет ретінде қалыптасып, дамыды, ер жетті. Бірақ, ол өз қазанында ғана қайнап піскен жоқ. Ол өзімен мұраттас әдебиеттерге, ең алдымен ұлы орыс халқының әдебиетіне иық сүйесе өсті, осынау озық та ықпалды әдебиеттен идеялық-көркемдік, эстетикалық тәлім, өнеге алды.

Орыс әдебиетінен үйрену — қазақ әдебиетінің өз мүмкіншіліктерін барынша пайдалануына, жаңа қыры мен сырын танытуына, үйрену үстінде соны сыпат, тың сапа табуына жақсы жағдай жасады.

Орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне творчестволық ықпалы дегенді біз біртұтас процесс, барған сайын ұлғайып, тереңдей түскен орасан маңызды тарихи ірі оқиға деп білеміз. Елімізде жаңа, социалистік қоғам орнатудың барысында ұлт әдебиеттері бірімен бірі тығыз байланыс жасап, бірін-бірі байыта түсті. Бұл ретте орыс совет әдебиеті, оның Максим Горький, Владимир Маяковский сияқты алыптары айрықша роль атқарды. Горькийдің ұлт әдебиеттеріне, оның ішінде қазақ әдебиетіне ықпалы, жалпы Горький дәстүрі туралы мәселе жан-жақты талдап, тексеруді керек етеді.

Соңғы кезде табылып, баспасөз бетінде жарияланған кейбір дерекке қарағанда, Алексей Максимович Горький қазақ халқының тіршілік-тұрмыс жайына өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында-ақ назар аударған. 1895—1896 жылдары М. Горький «Самарская газета» редакциясында істеген. Мұнда ол жергілікті тақырыпқа фельетондар жазумен қатар, түрлі аймақта шығатын баспасөзге шолу жасаумен де айналысқан. Горькийдің Қазақстанмен танысуы, міне, осы кезден басталады. Омбыда шығып тұратын «Степной край» газетіндегі мақалаларға жасаған шолуында пролетариаттың ұлы жазушысы былай дейді: «Степной край» Сібірдегі жұмысшы қазақтардың тұрмыс жағдайын суреттейді. Оның суреттеуіне қарағанда, көзіңе дүниеде сирек кездесетін сұмдық бірнәрсе елестейді: тамағын татуға болмайды, барағы сасық, тар, лас, ішін жайлаған жұқпалы аурулар — осының бәрі біріне-бірі қосылып, тіпті шектен шыққан».

Мақаласының соңында М. Горький қазақ жұмысшыларының ауыр тұрмысына аяныш сезімін білдіре келіп, «өзі көп және қабілетті тайпаның жағдайын» жақ-

сартуға болмас па екен дейді, «мәдениетті қабылдауға әбден қабілеті жетеді» деп бағалайды қазақтарды.

«Самарская газетаның» 1896 жылғы бір номерінде жарияланған мақаласында Горький қазақ қызының басындағы қайғылы халді баяндай келіп, жас қызды қалың малға сату сияқты кесірлі-кесапаттың ел ішінде етек алып бара жатқанына қынжылады. Сөйтіп, Горький алғашқы дәуірдегі шығармаларының өзінде қазақ еңбекшілеріне жаны ашитынын, ал қанаушы тапқа қатты наразы екенін ашық аңғартады.

Қазақ өмірімен азды-көпті таныстығы ертеректе басталған ұлы жазушының кейінірек, совет тұсында қазақ фольклоры, қазақтың ән-күйі туралы айтқан аса құнды пікірлері сол әріректен келе жатқан достық пейілдің жалғасы тәрізді. «Міне, менің алдымда «Қазақ-қырғыздардың бір мың әні» деген жинақ жатыр. Нотаға түсірілген әндер жинағы. Олардың асқан сұлу мелодиялары — болашақ дәуірдің Моцарттары мен Бетховендері, Шопендері мен Мусоргскийлері, Григтері үшін мол материал» деген ол. «Сіздер алтын қазыналы сандықтың үстінде отыр екенсіңдер» деген Горький қазақтың бай ауыз әдебиеті туралы әңгіме болғанда. Сөйткен Горький біздің қазақ әдебиеті үшін, оның қалам қайраткерлері үшін мейлінше қымбат, мейлінше қадірлі.

М. Горький есімінің қазақ әдебиетшілеріне мәлім бола бастауы — Ұлы Октябрь қарсаңы. Орыс әдебиетінің басқа да алыптарын анық білген Сәкен Сейфуллин Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кезінде М. Горький шығармаларымен әуестенеді. Сонан болса керек, С. Сейфуллин өзінің алғашқы прозалық туындыларында алдымен Горькийдің творчестволық тәжірибесіне иек артып, ұлы жазушының романтикасына көбірек ден қояды. «Литературный Казахстан» журналының 1936 жылғы үшінші номеріндегі мақаласында мұны Сәкеннің өзі де ескертеді: «1917 жылы жазған «Мүслима» («Жұбату») деген әңгімемде Горькийдің романтикалық әңгімелерінің әсері күшті!» — дейді.

Сәкен Сейфуллиннің Октябрді, жаңа өмірді мадақтаған революцияшыл өлеңдерінен Горькиймен өрістес, бағытас сарын бар екенін байқау қиын емес. Бұл тұста ол «Жұбату» әңгімесіндегі дәрежесінен жоғарылап, нағыз революцияшыл романтиканың деңгейіне көтеріледі. Максим Горькийді совет жазушыларының беделді

басшысы, үлгілі ұстазы санайтынын, Қазақстан әдебиетшілері оны ардақтай да бағалай білетінін Сәкен Сейфуллин өзінің 20-шы және 30-шы жылдардағы мақалаларында, сөйлеген сөздерінде талай рет атап айтты.

1917 жылы Горький әсерімен жазылған «Жұбатудан» бері қарай тартылатын үлкен бір желі бар. Бақыт таңын аңсаған қазақ қызы жайындағы бұл лирикалық-романтикалық әңгіменің жалғасын біз Ғабит Мүсіреповтың ана туралы әңгімелерінен көреміз. Әлбетте, Ғ. Мүсірепов шығармалары басқа дәуірлердің оқиғасын камтиды, жазылу мәнері, стилі, тілі жағынан «Жұбатуға» ұқсамайды да. Бірақ, Сәкен әңгімесі мен Ғабит әңгімелерінің арасында іштей туыстық бар сияқты. Әйелдің, ананың адамгершілік қасиетін қастерлеу, ардақтау жағына келгенде Сәкенде де, Ғабитте де Горькийден дарыған гуманистік сыпат бар. Ғабит Мүсіреповтың «Ана туралы аңыз» деп аталатын әңгімелер циклы — қазақ әдебиетінде Горький дәстүрін орнықтырудың, дамытудың нақты мысалдарының бірі. Ұлы суреткердің бай тәжірибесіне үңілгенде қазақ жазушысы оның үлгілерін қаз-қалпында қабылдай салушы емес, яғни еліктеуші емес, өзінің творчестволық бетін сақтай отырып, үйрену үстінде өсуші, әдебиетте жаңа сөз айтушы.

Қазақ әдебиетіндегі Горький дәстүрі туралы сөз болғанда біздің алдымен ауызға алатын жазушымыздың бірі — Сәбит Мұқанов. Сонда біз алдымен «Өмір мектебін» атаймыз. Сырт қарағанда бұнымыз теріс емес тәрізді. Анығында, Сәбиттің мемуарлық шығармалары — Горький дәстүрін жалғастыру, ілгерілету тұрғысында бүкіл совет әдебиетінде ірге тепкен күрделі процестің кең арнасынан табылатын соқталы дүниелер.

Сәбит Мұқанов сияқты, Ілияс Жансүгіров те Горькийге бірнеше рет жолыққан, онымен әңгімелескен, ақыл-кеңес тыңдаған. 1933 жылдың қысында өткізілген бір кездесуде Горький Ілиястан қазақ халқының тарихы жайлы сұраған. Сол ұшырасуда Ілияс оған өзі аударған «Дауылпаздың» қазақшасын оқып берген.

«...Менің ертеректегі «Қараш-қараш» повесімнің жазылуына Горький «Челкашының» зор әсері болғаны күмәнсіз» деп үзілді-кесілді мәлімдеген Мұхтар Әуезовтың орыс әдебиеті тәжірибесін игеруі тереңде жатқан құбылыс. Тегінде Мұхтар Әуезов орыс әдебиетінің бай қазынасын барынша еркін меңгеріп, батыл баураған,

оның бар асылын бойына сіңіре білген. Сондықтан Мұхтарды белгілі бір жазушыға «бекітіп» қою қиынға соғады.

Біз орыс совет әдебиетінің қазақ әдебиетіне идеялық-творчестволық, эстетикалық ықпалы туралы сөз қозғағанымызда, социалистік реализм әдебиетінің негізін салушы, ұлы суреткер Максим Горькийдің есімін алдымен атадық. Бұл тарихи шындық.

Қазақстан әдебиетшілері бір ғана Горький емес, сонымен қатар, Михаил Шолоховтың, Александр Фадеевтың, Леонид Соболевтің және басқа көрнекті орыс жазушыларының қамқорлық көмегін ешуақытта да ұмытпайды.

Заманымыздың аса көрнекті жазушысы Михаил Шолохов біздің республикамен тікелей байланыс жасап тұрады. Ол жыл сайын Батыс Қазақстанға, Орал өңіріне келіп, даңқты замандастарымыз арасында болып қайтады. «Осы уақыттың ішінде,— деді ол, Қазақстан жазушыларының III съезінде, 1954 жылы сөйлеген сөзінде,— Қазақстанның жылқышылары, колхоз бригадирлері, шопандары сияқты қарапайым адамдары арасында менің достарым да көбейді және сіздің халқыңызды сол қарапайымдылығы, сол еңбек сүйгіштігі, сондай-ақ кішіпейілділігі үшін де жақсы көріп кеттім».

М. Шолохов сол съездегі сөзінде бүкіл совет әдебиетінің, оның ішінде қазақ әдебиетінің де келелі міндеттеріне тоқталып, өрелі ойлар айтты. М. Шолоховтың жас жазушыларға аталық талапты күшейту, әрі қамқорлық көрсету туралы айтқан сөздері әлі есімізде.

«Бүркіт балапандарының қанатынан қақпайлай отырып, олардың төмендеуіне ерік бермейді, қайта барған сайын жоғарылата, аспандата ұшқызады, сөйтіп жас балапандар әбден шаршағанға дейін аспан көгіне, биікке көтерілуге көмек береді, соған үйрете береді.

Тек осылай баулынып өскен бүркіт қана биік аспан әлемінде ұзақ парлай ұшуды үйренеді және сол биік шыңнан көзі шалған жемтікке бейне ысқырған құйындай бар пәрменімен төмен қарай шүйіліп, оны жаза бастырмай жайрата алады. Біз де өзіміздің жас жазушыларымызды осындай қатаң тәсілмен үйретіп отыруға тиістіміз».

Ал Шолохов шығармаларының қазақ әдебиетіне әсері болды ма? Бұған оп-оңай жауап қайыра салу қиын.

Дау жоқ, Шолохов романдары, әсіресе оның «Көтерілген тыңы» — совет әдебиетін биік белеске көтерген, бүкіл бір дәуірдің көркем ескерткіші саналған шығарма. «Көтерілген тың» туған кезеңде колхоз тақырыбын қозғайтын әңгімелер мен повестер біздің қазақ әдебиетінде де едәуір бой көрсетіп, бірталай дүниенің басы құралып қалған еді. Біз бұл шығармаларды «Көтерілген тыңмен» деңгейлес еді демейміз, бағыттас, бағдарлас еді дейміз. Орыс жазушысы да, қазақ жазушысы да өз талантын дәуір талап еткен ұлы мақсатқа жұмсады. Олардағы ортақ қасиет те осы.

Партияның XVIII съезінде сөйлеген сөзінде Михаил Шолохов ұлт әдебиеттерінің өсу жағдайына назар аударып келіп, Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаевтың есімін ерекше атап өтті. Осының бәрі Шолоховтың қазақ әдебиетіне достық пейілмен қарап, оның тағдырына ортақ екенін дәлелдейді.

СССР Жазушылар Одағына бірнеше жыл бойы басшылық еткен аса көрнекті жазушы Александр Фадеев туысқан әдебиеттердің өсіп-өркендеуіне көп көмек көрсетті, олардың алдында тұрған өзекті мәселелердің тезірек және дұрыс шешілуіне назар аударды. Біз Александр Фадеевты қазақ әдебиетінің ең абзал достарының, насихатшыларының бірі деп білеміз. Қазақ совет әдебиетіне «...профессионалдық үлкен әдебиет болып, бүкіл одақтық әдебиеттің дәрежесіне көтерілді және сол арқылы дүние жүзілік мәні бар әдебиет болып отыр» деп алғаш аса зор баға берген Фадеев екені есімізде. 1949 жылы Парижде сөйлеген сөзінде Мұхтар Әуезовтың «Абайы» мен Ғабиден Мұстафиннің «Миллионеріне» Фадеевтің қандай жоғары баға бергені, оны күллі әлемнің естігені анық. Жазушылар Одағының Пленумында (1948) қазақ поэзиясы жайында ол айтқан пікірлер біздің талайымызға ой салды. А. Фадеев қазақ романдарының бірталайын оқып, ақыл-кеңес айтқан. Бұл ретте Сәбит Мұқанов былай дейді:

«Менің «Сырдариямды» да Александр Александрович екі-үш күнде оқып шығып, ауызша да, жазба түрде де бағалы көп пікір айтты. Қол жазба күйінде болсын, басылған күйінде болсын қолына тиген көркем шығарманы тез оқу, ұққан пікірін адал айту Горькийден соң совет әдебиетінде Фадеевтың бойынан көбірек табылатын қасиет еді. Одан жолдастық адал ақыл естімеген

совет жазушысы біздің Отанда болмауға тиіс. Фадеев шын мағынасындағы интернационалист еді. Жазушылардың съездерінде, пленумдарында, мәслихаттарында, жиналыстарында ол әдебиетіміздің ұлттық кадрларымен көп кеңесіп, көп сырласатын». («Өсу жолдарымыз» 1960 жыл, 566-бет.)

Фадеевтың интернационалдық қасиеті оның романдарынан, қаһармандары сан ұлттың өкілдері болып келетіндігінен де айқын көрінуші еді. «Тас талқан» мен «Жас гвардия» ғана емес, аяқталмай қалған «Қара металлургия» романы да солай болатын. Фадеев, мәселен, бұл романында құрылыста жұмысшы болып істейтін қазақ қызы Ысмайылова Күләштің көркем бейнесін жасауды ойлаған.

Бізге жас кезінде Қазақстан сахрасында бірқыдыру тұрған, ол заманның көшпелі қазағын да көрген, бірақ өзінің қазақ туралы білімін Мұхтар Әуезовтың «Абайы» ғана телегей-теңіз еткеніне мақтаныш сезімін білдіретін Константин Фединнің есімі аса қымбат. Біз оның: «Міне енді жұпар иісті самал ескен, көзіме ыстық сахраның жүрегі өз жүрегіммен бірге соғып, бір ырғақпен бірге тыныстап тұрғандай, тіпті мен өзім қазақ боп кеткен сияктанам...» деген шынайы достық сөзін дән ризашылық сезіммен қабылдаймыз.

1954 жылы, ұлы Абайымыздың қайтыс болғанына 50 жыл толған күндерде Алматының ардақты қонақтарының бірі болған атақты совет жазушысы Леонид Леоновтың аузынан шыққан аталы сөз, асыл лебіз әлі күнге дейін санамызда. Сонда ол не деп еді? Мына бір жерін оқушының есіне түсіре кетуді ләзім көреміз:

«Тарих-тағдыр соқпақтары айқыш-ұйқыш түйіскен шимай-шиыр шарлауда, өмір-тағдыр толқындары сапырылысып тоғысқан тоқсан жолдың торабында зым-зия жоғалып кетпес үшін, расын айтқанда, шығанға самғар қанатты ақыл, қияннан шалар қыран көз керек-ті. Шырқау биік көктен көрінген айдын-шалқар әлем қырларын туған халыққа айтып жеткізу үшін қуаты мол дауыс, құдіреті күшті сөз керек-ті. Ақырында бұл өңірді бұрын ғасырлар бойы жайлаған жағдайда зор дауыс көтеру үшін, әйгілі өлең тілімен айтқанда, «Менсінбеуші ем на-данды, ақылсыз деп қор тұтып, түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып» — деу үшін ерен жүректілік керек еді.

Мынау ескерткіш ементасқа есімі қашап жазылған ардагер Абай — халқының адастырмас Абайы, шам-шырағы Құнанбаев Абай — әне, сондай болған».

Бауырлас әдебиеттердің өзара байланысын нығайтуда, олардың көркемдік жетістіктерін баршаға паш етіп, кеңінен таныстыруда атақты ақын Николай Тихонов айтарлықтай қызмет атқарып келеді. Н. Тихонов — қазақ әдебиетінің жайсаң досы. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткізілген онкүндіктері тұсында, одан кейін де Н. Тихонов біздің прозамыз бен поэзиямыз жайында парасатты пікірлерін ортаға салды. Оның «Жаңа өмір үні», «Сәлем, қымбатты достар!» деген мақалаларында, Сырбай Мәуленовтың жинағы туралы сөйлеген сөзінде қазақ әдебиетінің көкейтесті мәселелерінің біразы қамтылған.

Ал «Естелік парақтарының» Жамбылға арналған беттерінде қазақтың халық поэзиясының жауынгерлік қуаты кіші-гірім көріністер арқылы мейлінше жарқын баяндалған.

Қазақ әдебиетінің ежелгі досы, сырласы Леонид Соболевтің еңбегін ерекше атау керек. Ол М. Әуезовтың ұлы Абай жайындағы эпопеясын орыс тіліне аударған, шығарманың бүкіл совет еліне, дүние жүзіне мәлім болуына үлкен себін тигізген қаламгер. Қазақтың өткендегі және бүгінгі әдебиетін насихаттау жөнінде дәл Соболевтей қызмет еткен жазушы некен-саяқ шығар: ол ширек ғасырдан астам уақыт бойы көптеген мақала жазып, Одақтық баспасөз бетінде жариялады. Л. Соболев қазақ әдебиеті көп ұлтты совет әдебиетінен өзіне лайықты орын алатыны, оның қасиеті халықтығында, патриоттығында, социалистік мазмұнының байлығында, ұлттық түрінің келісті көркемдігінде екенін айтады. Тұтас әдебиет туралы жаза ма, немесе жеке бір жазушының шығармасы туралы сөз қозғай ма — осының бәрінде де Л. Соболевтің қазақ әдебиетіне деген шынайы қамқорлығы үнемі сезіліп тұрады. Ол, әсіресе жазушының халық өмірімен қоян-қолтық араласуы, шығармасында замандас тұлғасын жасауы негізгі міндет екенін көрсете келіп, өзінің ертеректе, 1939 жылы Қазақстан жазушыларының II съезінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Алдағы ғасырларға көз салайықшы. Өйткені, нағыз суреткер ғасырлар үшін жұмыс істейді ғой. Әлі де дүниеге келмеген ұрпақтарымыз біздің ғасырда өмір сүр-

ген қазақтардың жайын әдебиет арқылы білуі керек емес пе?».

Тек жоғарыда аталған жазушылар ғана емес, сонымен бірге Дмитрий Фурмановтың, Николай Островскийдің, Борис Горбатовтың қазақ әдебиетшілеріне тигізген ықпал-әсері баршаға мәлім.

Поэзия жайына ауыссақ, қазақ ақындарының ішінде орыс совет поэзиясын үлгі тұтпайтыны, онан идеялық, эстетикалық тәлім алмайтыны кемде-кем. В. Маяковский мен А. Твардовский, Д. Бедный мен М. Исаковский, Н. Тихонов пен С. Щипачев және бұл қатарда аттары аталмағанымен, есімдері, шығармалары көңілімізде сайрап тұрған әралуан ірі ақынның бәрі де қазақ өлеңіне шапағатын тигізді.

Орыс совет поэзиясы ағайындас халықтар поэзиясының ішінде ең озық, ең беделді, ықпалды поэзия саналады. Ол Октябрьден бергі кезеңдерде социализм елі бастан кешірген оқиғалар мен өзгерістерді бар шабытпен терең толғап, тебірене жырлаудың үлгісін көрсетіп келеді. Ол — қашанда заманмен, бүкіл елімізбен қатар аттап, халық өмірінің жалынды жыршысы болудан танбай келе жатқан майталман поэзия. Ол — классиктер дәстүрін жаңғыртып, ілгерілеткен және ең маңыздысы, идеялық-көркемдік даму жолында талай тыңды көтерген, мейлінше жаңашыл поэзия. Ол — туысқан республикалар ғана емес, бүкіл дүние жүзілік поэзияға игі ықпал жасаған және жасап отырған қуатты поэзия. Орыстың тандаулы ақындары шын мәнісіндегі партиялық, азаматтық поэзияның туын әрдайым биік ұстап, халыққа, Отанға, коммунизм идеяларына адал қызмет етудің тамаша өнегесін көрсетті.

Орыс поэзиясында көркемдік суреттеу құралдары, тәсілі, сөз мәнері, стилі жағынан бірін-бірі қайталамайтын, әр алуан, айтулы ақындар көп. Социалистік реализм әдісі бұл ақындардың творчестволық мүмкіншілігіне, ізденісіне даңғыл жол ашты. Әдетте, біздер қазақтың әдебиет зерттеушілері мен сыншылары орыс поэзиясының әсері туралы әңгіме бола қалғанда негізінен Владимир Маяковский есімін еске аламыз. Бұл дұрыс. В. Маяковский — социалистік реализм әдебиеті классиктерінің бірі, совет поэзиясын асқар биікке шығарған ұлы ақын, коммунизмнің нұрлы идеяларының қуатты жыршысы. В. Маяковский бізге қандай қасиеттерімен қымбат

екенін ақын Жұбан Молдағалиев «Оның үні» өлеңінде былайша толғайды:

Күркіреген күндей ғой оның үні.
Жоқ! Күшті одан! Көп күшті! —
дер ем оны.
Күн күркірі естілсе бір аймаққа,
Ол қаратты өзіне жер дүниені!
Оның үні асқақ үн, таудай шынар!
Революцияның екпіні тың күші бар.
Ол жырласа, жырлады бар дауыспен,
Жат болды оған мылқау үн, жай сыбырлар.
Міңгірлеуді сүймеді ақын жаны,
Оқ боп өзі жауларға атылған-ды.
Жауынгер жыр, жаңа жыр қолбасы боп,
Бастады, Үйретті ол ақындарды.

Кезінде аса әйгілі ақын болған Демьян Бедныйдың әдеби мұрасына да біз ылғи ықылас аударып, шын пейіл білдіріп келдік. Социалистік реализм әдебиетінің революцияшыл дәстүрін сөз еткенде біз Демьян Бедныйға соқпай кете алмаймыз. Қайта, оның өлеңдері мен мысалдары күні бүгінге дейін маңызын кемітпегенін бұрынғыдан да терең түсінеміз. Біз Демьян Бедный поэзиясын революцияның жауынгер поэзиясы деп балаймыз. Бір кезде:

Майданның сонау суыт кезеңінде,
Сөздерім тұрды күрес кезегіне.
Шақырды керней құсап менің даусым,
Халықты күресуге, кезенуге,—

деген ақын даусы әлі құлағымызда.

Біз қазақ поэзиясына орыс поэзиясынан келген нәр-нақыстар туралы айтқанда осы күнгі Твардовский, Исаковский, Мартынов, Щипачев тәрізді кексе ақындармен қатар онан кейінгі буын өкілдерін де, тіпті соңғы он шақты жылда көзге түсіп, бірақ тез жетілген таланттарды да естен шығармақ емеспіз.

Жалғыз проза мен поэзия ғана емес, драматургия, кинодраматургия, балалар әдебиеті, сын мен әдебиет зерттеу ғылымы саласында біздің орыс бауырлардан алған тәлім-үлгіміз көп. Осылардың ішінен бір ғана саланы — әдебиет зерттеу ғылымын мысалға алсақ, қазақ әдебиетінің өткендегісі мен бүгінгісін тексеріп қарастыру, зерттеу жұмысымызда бізге Москва, Ленинград ғалымдары бағалы пікірлер, ақыл-кеңестер айтып, көптеген көмегін тигізді. Біз әдебиетіміздің небір ірі проблемаларын зерттеу үстінде де томаға-тұйық қалмай, тәжірибелі достарымызбен әрдайым кеңесіп отырамыз, бұл жөнінде одақтық ой-пікірді үнемі қадағалап жүреміз.

Көп ұлтты совет әдебиеті дүниеге келгелі жарты ғасырға жақын уақыт өтті. Оның қол жеткен табыстары әлемге айдай аян. Әсіресе соңғы жылдарда социалистік реализм әдебиеті жаңа бір белеске көтерілді. Партияның XX, XXI және XXII съездерінен, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июнь Пленумынан кейінгі кезеңде әдебиетіміздің дамуында соны сипаттар өріс алды.

Коммунизм орнатушыларға идеялық-көркемдік тәрбие беру, олардың өскелең рухани тілегін өтеу жөнінде совет әдебиеті партияға әруақыт көмектесіп отыруға тиіс. Бұл ұлы міндет бүкіл қалам қайраткерлері білек біріктіре қимылдағанда ғана орындалады.

ӨРІСТЕС, ӨЗЕКТЕС ӨНЕР

1

«Коммунизмде ақындар ғана өмір сүретін болады...»
Бұл не деген сөз? Қалай түсіну керек?

Орел облысынан «Комсомольская правдаға» хат жолдаған бір азамат осы газеттің 1961 жылғы 22 сентябрьдегі санында «Жүрек сұлулыққа ашылады» атты мақаласын жариялаған белгілі совет ақыны Михаил Светловқа алғыс айтыпты: «Мақала маған көмектесті, бойыма жаңа күш дарытты» депті.

Светлов мақаласында адам сұлулығының элементтері: ерлік, талант, арман, қиял, поэзия жайында сөз қозғайды. Автор өзінің көңілінде жүрген ойларды ортаға салады, оқушысымен сырласады. Айтып-айтып келгенде оның ой түйіні: «Коммунизмде ақындар ғана өмір сүретін болады...» дегенге саяды.

Бұрын-соңды ешкімнің аузынан шыға қоймаған тұжырымның ішкі мағынасы мен мәні тереңде жатыр.

Анығында поэзия, коммунизм деген ұғымдардың осылайша қосарлана-қосақтала аталуын кездейсоқ нәрсе деп қарауға бола ма? Коммунизм дегеніміздің өзі барып тұрған ең сұлу поэзия емес пе?

Әрбір совет азаматы еңбекте, күнделікті өмірінде «әрдайым ерлікке әзірленіп», ақынша жалындауға, ақынша шабыттануға тиіс. Өзі өлең жазбағанымен, жаны ақын болу шарт.

Юрий Гагарин мен Герман Титовты нағыз ақындар деп айта аламыз. Қазақстанның Михаил Довжигі егінші ақын болса, Әбдуәли Самайбаевы малшы ақын емес пе? Бұлардың ақындығы арман дүниесіне құлаш ұрып, өмір сұлулығын іздей білуінде, қарақан бастың ғана

емес, қалың жұрттың қамын ойлап, адамға пайдалы істер істеуінде.

Біз өмірдегі поэзияны қуаттаймыз. Бүгінгі ұрпақтың үлесіне жиырмасыншы ғасырдың Коммунистік манифесі — КПСС Программасын жүзеге асыру, орындау бақыты тиіп отыр. Сондықтан біздің әрқайсымыздың өз жұмысымызда ақын болмасқа жайымыз жоқ. Программаның әр бетінен, әр жолынан өсіп тұрған еңбек, өмір поэзиясының самалы кімді де болса құлшындырмауы, қанаттандырмауы мүмкін емес.

Бұл ретте социалистік реализм әдебиетінің атқаратын міндеті айрықша саналады.

«Оптимизмге және өмірді орнықтырушы коммунистік идеяларға толы совет әдебиеті мен өнері орасан зор идеялық-тәрбиелік роль атқарады, совет адамының бойында жаңа дүниені орнатушыға керекті қасиеттерді дамытады. Олар миллиондаған адамдарды жігерлендіріп, қуанышқа бөлейтін қайнар-бұлақ болып қызмет етуге, сол адамдардың еркін, сезімі мен ой-пікірін білдіруге, олардың идеялық жағынан баюына және адамгершілік тәрбие алуына қызмет етуге тиіс» — делінген КПСС Программасында.

Біздің әдебиетіміздің көп ұлттық сипаты мемлекетіміздің, қоғамдық құрылысымыздың табиғатынан, ерекшелігінен туған заңды құбылыс. Бізде СССР халықтарының мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениеті өркендеуде.

Атап айтарлық бір нәрсе: ұлттар мен ұлттық топтардың идеялық бірлігі, олардың мәдениетінің жақындасуы күшеюде.

Коммунистік құрылыстың кеңінен өрістеуі СССР-да ұлт қатынастарының дамуындағы жаңа кезең болып табылады.

Бір ғана мысал. Қазіргі уақытта республикалардың халқы өзінің ұлттық құрамы жағынан барған сайын аралас халыққа айналып келеді. Мәселен, біздің Қазақстанда ондаған ұлттың өкілдері ынтымақпен өмір сүріп, қол ұстаса еңбек етеді.

Дамудың қазіргі кезеңінде, коммунистік құрылысты кеңінен өрістетудің барысында ұлттарды бұрынғыдан да тығыз және барлық жағынан бірдей жақындастыруды көздеген бағыттың белгіленуі тарихи тұрғыдан алғанда аса елеулі құбылыстың бірі деп білу керек.

Партияның XXII съезінде ұлттар ынтымағын нығайту, негізінен экономикалық саясаттың дұрыс жүргізілуіне байланысты екені атап көрсетілді. Сонымен қатар, съездің мәртебелі мінбесінен еліміздегі ұлттарды жақындастыра түсу ісіне мәдениет құрылысы да, идеологиялық жұмыс та көмектесетіні айтылды. Халықтар арасында рухани байлықтарды өзара алмасу процесінің ұлғаюы, бір ұлттардың әдебиет пен өнер саласындағы жетістіктері басқа ұлттардың игілігіне айналуы бұл күнде әбден жарасымды, жақсы дәстүр болып отыр. Пушкин мен Горькийдің данышпан шығармалары әрбір украин, қазақ үйінен табылатыны сияқты, Тарас Шевченко мен Абай Құнанбаевтың өлең, поэмалары әр бір орыс, белорус, өзбек адамына таныс.

Қазақ әдебиетінің қазынасы туралы сөз еткенде біз ұлт қаламгерлерінің ғана шығармаларын мақтаныш етіп қоймай, сонымен қатар туысқан халықтар әдебиетінен аударылған келелі дүниелерді де төл туынды қатарында қабылдаймыз, жалпы әдебиеттік қазынамыздың қорын байытатын сындарлы сыбаға деп білеміз. Осы жөнде біз, әсіресе, озат орыс әдебиетін айрықша құрмет тұтып, ұлы халықтың тілінде жазылған ғажайып шығармалардан өнеге алуды аброй санаймыз. Сонау Абай заманында басталған жақсы дәстүр бастапқы қалпында қалып қоймай, берік ірге тепті де бірден бірге дамып, советтік дәуірде жаңа сапамен, жаңа нышан-белгілермен молықты.

Орыс әдебиеті жалғыз қазақ емес, еліміздегі басқа ұлттардың да әдебиетіне орасан зор идеялық-творчестволық әсерін тигізіп келген және тигізіп отырған аса көрнекті, аса ықпалды, ұстаз әдебиет.

Орыс әдебиеті — идеялылықтың, халықтықтың, реализмнің ұлы мектебі. Бұл мектептің табалдырығын атамаған, онан тәлім алмаған бірде-бір ұлт жазушысы жоқ десек, мұнымыз асырып айтқандық болмайды. Украинның Иван Франкосы дейсіз бе, армянның Микола Налбандяны мен азербайжанның Мирза Фатали Ахундовы дейсіз бе, — бәр-бәрі де ұлы халықтың ұлы әдебиетінен нәр-нақыстар алып, өмір шындығын жан-жақты терең суреттеудің, өз замандастарының бейнелерін жасаудың тәсілдерін үйренген. Орыс әдебиетінен үйрену ұлт жазушысының өзіндік бетін жоққа шығармайды, қайта, оның творчестволық даралығының бұрынғыдан

да айқындала түсуіне, талантының толысып, кемелдене беруіне көмектеседі.

«Орыс әдебиеті біздің даму жолымызға зор әсер етті, біздің рухани күшімізге, санамызға, ойымызға ықпал жасады... Орыс мектебі мен ғылымы бізге білім есігін ашты, орыс әдебиетінен тәрбие алып, өстік дей аламыз».

Грузин жазушысы Илья Чавчавадзениң осынау сөздерін социалистік Отанымыздағы басқа халықтардың әдебиетшілері де қайталап айта алады.

Тарихы бай, творчестволық тәжірибесі мол аға әдебиеттің демократияшыл және революцияшыл дәстүрі, қашанда озат ойдың туын жоғары ұстау принципіне беріктігі, терең халықтығы, асқан реалистік қасиеті біздің ұлт әдебиеттері үшін аса қымбат өнеге.

Қазіргі уақытта, КПСС Программасында айтылғандай, «*барлық советтік ұлттар мен ұлттық топтардың экономикасы мен мәдениетін жан-жақты дамыта беру, сөйте отырып, өмірдің барлық салаларында олардың туысқандық жолымен барған сайын неғұрлым тығыз ынтымақтасуын, өзара жәрдемдесуін, топтасуын, жақындасуын қамтамасыз ету, сөйтіп ССР Одағын мейлінше нығайту*» керек болып отырғанда туысқан әдебиеттердің өзара байланысы, біріне бірінің ықпалы, бірін-бірі байытуы туралы мәселенің маңызы бұрынғыдан да арта түспек. Әсіресе, ұлт әдебиеттерінің одақтағы ең жетекші, ең күшті, ең ықпалды орыс әдебиетімен творчестволық қарым-қатынасы туралы сөз қозғау, байсалды зерттеу еңбектерін жазу бүгінгі түбегейлі проблеманың бірі деуге болады.

Егер мәселенің күн тәртібіне қойылу жайын әрбір ұлт әдебиеті көлемінде алмай, жалпы одақтық шеңберде алып қарайтын болсақ, біз әрқайсысы әртүрлі жүйеде жазылған бірнеше еңбектің атын атаймыз. Оларды әдебиетшілер қауымы білмейді емес. Дегенмен, кейбірінің қысқаша мазмұнын еске түсіріп өтсек артық болмас.

К. Зелинскийдің «СССР халықтарының әдебиеттері» деп аталатын кітабына енгізілген мақалаларда Горький дәстүрі, ұлттық форма, социалистік реализм проблемасы, Андрей Упит реализмі, СССР халықтар әдебиетін зерттеу және оқыту жөнінде қызықты ойлар айтылады, белгілібір қорытындылар жасалады.

Г. Ломидзениң «Единство и многообразие» деген кітабында қарастырылатын мәселелердің басты-бастылары:

совет әдебиетінің социалистік мазмұны мен ұлттық формасы, ұлттық характер проблемасы, ұлттық дәстүр мәселелері т. т.

Бұлар, негізінде, әдебиеттерге ортақ проблемаларды қозғайтын еңбектер.

Ендігі бір зерттеулерде әдеби әсер мәселелері нақты түрде көтеріліп, жекелеген әдебиетпен байланысты алынады. Дм. Молдавскийдің «Маяковский және СССР халықтарының поэзиясы» деген атпен ертеректе шыққан және баспасөз бетінде елеулі сынға ұшыраған очерктерінде Маяковскийдің украин, белорус, өзбек, қазақ т. б. ұлт поэзиясына тигізген әсері баяндалады. Көбінесе қысқаша шолу түрінде айтылады. Мәселен, біздің қазақ поэзиясына келгенде, автор Маяковский өнегесін төрт ақынның — Тайыр Жароков пен Қасым Аманжоловтың, Қалижан Бекқожин мен Жұмағали сайынның творчествосынан ғана табады (кітаптың 162—164-беттері).

Р. Григорян мен Г. Бабаевтың еңбектері бұдан басқа тұрғыда жазылған.

Григорянның «Маяковский және армян әдебиеті» дейтін кітабында орыстың классикалық әдебиетінің әсері, әсіресе Маяковский мен Е. Чаренцтің творчестволық қарым-қатынасы негізгі проблема ретінде ұсынылады да, кейбір түйінді пікірлер ортаға салынады.

«...Орыс әдебиетінің тәжірибесін пайдаланатын әрбір ұлт әдебиетінің алдында өзіне тән айрықша қиыншылықтар тұрады. Бір әдебиеттің әдісін екінші бір әдебиетке сол күйінде көшіре салу мүмкін емес қой, бұл мықтағанда жалаң еліктеу болып шығар еді», дейді автор. (Рачия Григорян. Маяковский және армян әдебиеті. Орыс тілінде, 1956 жыл, 157—158-беттер.)

Біздіңше, бұл дұрыс түйін.

Орыс — азербайжан әдеби ынтымағының дәстүрлері және В. Маяковский, Маяковскийдің азербайжан совет поэзиясын өркендетудегі ролі, Маяковскийдің азербайжан тіліне аударылуы — Габиб Бабаевтың «В. Маяковский Азербайжанда» деген атпен Бакуде басылып шыққан кітабында қарастырылатын мәселелер тобы, міне, осылар.

Әрине, әдеби әсер жай ғана, жеңіл ғана нәрсе емес, аса күрделі творчестволық процесс. Оны анықтау үшін қоғамдық қарым-қатынастар сипатынан басқа да кейбір жәйттерді (мәдени, әдеби дамудың дәрежесі, жазу-

шының өзіндік ерекшелігі т. т.) ескеру керек сияқты. Жоғарыда аталған екі еңбекте де мәселені осындай тұрғыдан қарауға талаптану бар.

Совет дәуіріндегі әдеби қатынастар жайын шет-пұшпақтан болса да әңгімелеу жағына келгенде, қазақ әдебиетшілері де құралақан емес. Филология ғылымының кандидаты А. Нұрқатов «Маяковский және қазақ совет поэзиясы» тақырыбында диссертация қорғап, ол жұмысын педагогикалық институттарда сырттан оқитын студенттер үшін көмекші құрал есебінде бастырып шығарды; Сәбит Мұқановтың, Қалижан Бекқожинның және басқалардың мақалалары жарияланды. Горький мен Маяковскийдің қазақ әдебиеті дамуындағы ролі туралы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» сияқты еңбектерде там-тұмдап болса да айтылды.

Бұларды ауызға алғанда біз едәуір істер тындырып-пыз деп, тоқмейілсуден аулақпыз. Анығында, бізде қазақ әдебиетінің туысқан халықтар әдебиетімен творчестволық байланыстары жөнінде байсалды зерттеулер жоқ. Ғылми еңбекті былай қойғанда, жеке бір әдебиеттермен (мәселен, татар, қырғыз, қарақалпақ әдебиеттерімен) ынтымақ дәстүрлері туралы бізде тіпті шағын мақала да аз демекпіз. Осы бағытта шешуші қадам жасау келер күндердің міндеті.

Бұл жолғы негізгі әңгімеміз орыс совет поэзиясының қазақ поэзиясына идеялық-көркемдік әсері туралы болмақ. Мұның өзі етек-жеңі кең, өрісі мол, көл-көсір тақырып. Аса маңызды проблема. Тұтастай алып қарастырсаңыз да, мәселенің жекелеген жағымен шұғылдансаңыз да — жетіп жатыр.

Әдетте ғылыми жұмыстарда алған тақырыптың төркініне, тамыр-түбіріне бірсыдырғы үңілу, тоқталып өту алғышарт сияктанып, автор мән-жәйді әріректен бастайды. Мұның ешқандай сәлекеттігі болмаса керек.

Бірақ бізге бұл тәрізді сүрлеуге түсуге тура келмейтін түрі бар. Өйткені поэзиямыздың революциядан бұрынғы дәуіріне көз жіберіп, орыс әдебиетінің өнегесін әңгімелейтін болсақ, онда алға қойған түбегейлі мақсатымыздан — советтік дәуірдегі орыс поэзиясының қазақ поэзиясына игі ықпалын нақтылы қарастырудан біраз алыстап кетуіміз ықтимал.

Орыстың классикалық әдебиеті, оның Пушкин, Лермонтов, Толстой сияқты алыптары өткен замандағы

қазақ әдебиеті, оның жарық жұлдызы Абай үшін ғана емес, тіпті Октябрь туғызған қазақ совет әдебиеті үшін де үлгі-өнеге мектебі болды. Пушкин мұрасы бейнебір эстафета сияқты Абай қолынан Сәкен, Сәбит, Ілиястардың қолына өтті. Осылайша XIX ғасырда белгі бере бастаған ынтымақ нышандары ертедегі әдеби дәстүр қалпында қалып қоймай, Қазақстандағы жаңа мазмұнды әдебиеттің арнасына келіп тоғысты. Сөйтіп, орыстың классикалық әдебиетінің асыл қазынасын қазақ совет жазушылары бір жағынан дәстүр, екінші жағынан жаңашылдыққа жол есебінде қабылдады.

Пікіріміздің алдыңғы бөлегі (дәстүр жайындағысы) түсінікті болғанымен, соңғы бөлегі (жаңашылдыққа жол) оншалықты ұғымды болмауы мүмкін. Сондықтан ойымызды ашыңқырап айтсақ дейміз.

Бұл арада «жаңашылдыққа жол» көркемдік ізденіс мағынасында айтылып отыр. Қазақтың советтік поэзиясының өкілдері өздерінің шеберлікке жетілу бағытында Пушкин, Лермонтов қалдырған бай қазынаға бір соқпай өткен емес. Сәбит Мұқановтың, Ілияс Жансүгіровтың, Тайыр Жароковтың таңдаулы поэмаларында «Мыс салтаттының», «Қавказ тұтқынының» игі әсері бесенеден белгілі болып тұрады. Бұл бір. Екіншіден, қазақ әдебиетінде Пушкин мен Лермонтов туралы жазылған өлең ондап саналады. Демек, өлеңде ұлы ақындардың бейнелерін жасау талабы кездейсоқ нәрсе емес, бұл да творчестволық ықпалдың кіші-гірім бір көрінісі.

Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы:

Лермонтов, Пушкин көкпен атылған құс,
Түскен бе Көкшетауға көленкесі? —

деп келетін екі жол өлеңінде көп мән бар.

Орыс әдебиетінің қазақ әдебиеті дамуына тигізетін әсерін тікелей еліктеуден іздемей, жазушылардың көзқарасынан, позициясынан, мұрат бірлігінен іздеу керек.

Осы арадан негізгі тақырыбымызға ойысып, ендігі әңгімені түгелімен соған қарай бұрамыз.

Совет әдебиетінің творчестволық ерекшелігі, оның аса бай көркемдік мүмкіншілігі мынада сияқты: біздің елімізде әрбір ұлт жазушысы социалистік реализм әдебиетінің ортақ қазнасына өзіндік бітім-болмысы бар,

жарқын да жаңа үлес қоса алады. Сонымен қатар, ол орыс әдебиеті сияқты тәжірибелі, үздік әдебиеттен үнемі үйреніп, нәр-нақыстар алып отырады.

В. Лацистің, М. Әуезовтың, О. Гончардың, Айбектің романдары одақтық әдебиеттің алтын төрінен орын алумен бірге, өздері де өзгеге өнеге боларлықтай монументтік шығармалар. Абай жайындағы эпопеядан үлгі алатындықтарын қаламдас ұлт жазушыларының бірталайы ақ айтады.

Орыс әдебиетінен нәр алу жеке-дара процесс емес, мұның өзі басқа да туысқан әдебиеттердің бірімен бірі қоян-қолтық келіп, бірін бірі байытумен қатар жүріп отыратын күрделі де, қызықты процесс.

Орыс совет поэзиясының қазақ поэзиясына идеялық-көркемдік әсері проблема ретінде жеке алынып қаралғанымен, жалпы әдеби процесс есебінде ұлы халықтың өткендегі және бүгінгі озат әдебиетінің игі ықпалының біте қайнасқан бір бөлегі деп саналуға тиіс.

Орасан бай ауыз әдебиетінің қайнар бұлағынан суындап, кемеңгер Абайдың және прогрестік бағыттағы басқа да ақындардың дәстүріне сүйенген қазақ совет әдебиетінің алғашқы адымдары халқымыздың көркемдік дамуында мүлде жаңа кезең басталғанын көрсетті. Сәкен Сейфуллиннің Октябрь нұрына бөленген жаңа дүниені құлшына жырлаған революцияшыл шығармалары біздің жас әдебиетімізде жаңа ұлттық дәстүрдің іргетасы қалана бастауының алғашқы нышанындай болып көрінді.

Революция тудырған жас әдебиетіміздің идея, мазмұны жағынан жаңашылдығы бір өзіндік қасиет емес, бүкіл социалистік реализм әдебиетіне тән сипаттың бірі ретінде қалыптасты.

Осы тұрғыдан қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен Сейфуллинді украинның Павло Тычинасы, армянның Егише Чаренці, өзбектің Хамзасы сияқты, социалистік поэзияның бастаушыларының бірі деп санауымыз керек.

Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтың, Бейімбет Майлиннің, Сәбит Мұқановтың және басқа ақындарымыздың таңдаулы өлендері мен поэмаларынан мазмұны социалистік, түрі ұлттық әдебиетіміздің өзіндік ерекшеліктері де, сондай-ақ жалпы, советтік поэзияға тән сипаттар да анық сезіліп, айқын көрініп отырады.

Біздіңше, қазақ әдебиетінің өзіндік жаңа бітім-болмысының анықтала, айқындала түсуі жолында оның орыс әдебиетіне бойұруы, дәстүріне сүйенуі, жаңашылдығынан үйренуі айтарлықтай қызмет атқарды. Творчестволық ықпалдың маңызы да осында — ол өзі әсер етіп отырған әдебиеттің ұлттық сипатына ешқандай нұқсан келтірмейді, қайта, оның бойына біткен қасиеттердің жарқырап көрінуіне, жаңа көркемдік мүмкіншіліктермен баюына көмектеседі.

Творчестволық үйрену — әдебиет өмірінде, жазушылық жұмыста орын алмай қоймайтын процестің бірі. Әсіресе, көркемдік-шеберлік сырларын ұғыну, суреткерлік өнерін жетілдіру жөнінде творчестволық үйренудің мәні зор.

Жазушы өзінен бұрынғы немесе өзімен тұстас әріптесіне бойұрғанда, оның творчествосының жеке бір жақтарын ғана құптамай, жалпы тенденциясын ілгерілетуді мақсат етуі мүмкін. Мұндайда жазушы өзінің дербестігін, қаламгерлік бетін толық сақтауға тиіс. Міне, үйрене жүріп дәстүрді дамыту дегеніміздің мәнісі осында.

Үйрену — көргенін көшіре салатын соқыр еліктеуден бүтіндей бөлек нәрсе.

Еліктеуде творчестволық бастау жоқ, құр қарасының, түр-пішінін сол күйінде қайталау бар. Еліктеу өнерді өрге бастырмайды, бір орында тұралауға әкеп соғады. Еліктеу түбі солықтау.

Еліктеу бар да, әсер бар. Екеуінің айырмасы: еліктеу құр қайталау болса, әсер, саналы түрдегі әсер нәтижесінде жаңа бір шығарма тууы ықтимал. Мәселен, Александр Твардовскийдің «Жерұйық» («Страна Муравия») дейтін тамаша поэмасы өзінен бұрынғы бір шығарманың — Федор Панферовтың «Бруски» романының әсері бойынша жазылған. Роман кейіпкері Никита Гурьянов пен поэма кейіпкерлері Никита Моргуноктың арасында едәуір ұқсастық бар. Қолхозсыз жерді айнала іздеп, аспан астын шарлаған жеке меншікшіл шаруаның толыққанды бейнесін жасау жөнінде А. Фадеев кеңес бергенін Твардовскийдің өзі де мойындайды. («Литературная газета», 1951 жылғы 11 сентябрь.) Бірақ акын қаламдасын қайталамай, өмір материалын көркемдікпен түйіндеудің (обобщение) жаңа принциптерін таба білген, поэмасын қиыстырудың жаңа формасын ашқан.